



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-153-4-251-267>

ХҒТАР 16.21.61

Ғылыми мақала

А.Т. Мухамеджанова^{1*}, Г.Т. Мухамеджанова², Ж.Ж. Толысбаева³

^{1,3} Қазақ ұлттық хореография академиясы, Астана, Қазақстан

² М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Петропавл, Қазақстан

(E-mail: ^{*1}ainagulmuhametjanova@gmail.com; ^{*2}mukhamed130282god@gmail.com; ³zh_kazpoetry@inbox.ru*)

КӨРКЕМ МӘТІН ТІЛІНДЕГІ ДЕЙКСИСТЕР МЕН ШЕГЕНДЕУІШТЕР ФУНКЦИЯЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтіндегі байласымдылықты қамтамасыз ететін прагматикалық құралдар – дейксистер мен шегендеуіштердің құрылымдық және семантикалық қызметтері қарастырылады. Көркем мәтіндегі дейксистік және шегендеуші құрылымдардың ерекшеліктері Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы негізінде талданып, зерттеу барысында лингвистикалық, прагматикалық, когнитивтік және стилистикалық тәсілдер арқылы дейксис элементтерінің мәтін ішіндегі референциялық байланыс орнатудағы рөлі, ал шегендеуіштердің логикалық және эмоциялық байланыс тудырудағы қызметі айқындалады. Өйткені эмоционалды дейксис мысалдары эмоциялық қатыстылық деңгейінің прагматикалық мәнін қалай өзгерте алатынын көрсетеді. Көркем мәтіндегі тұлғалық, уақыттық және кеңістік дейксистердің қолданысы оқырман мен мәтін арасындағы интеракция қалыптасады. Ал шегендеуіш құрылымдар болса, сөйлемдер арасында себеп-салдарлық, қарсылықты және эмоциялық байланыстар тудырады. Зерттеу нәтижелері қазақ мәтінтануындағы байласым мен прагматикалық әсердің көркемдік-поэтикалық құрылымын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: дейксис, шегендеуіштер, мәтін байласымы, есімдіктер, Ұшқан ұя.

Түсті: 01.07.2025; Жөнделді: 13.10.2025; Мақұлданды: 20.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

Мәтін лингвистикасы – тіл білімінің маңызды да күрделі салаларының бірі. Ол тілді жеке сөз немесе сөйлем деңгейінде ғана емес, жалпы тұтас бір мәтін ретінде қарастырады. Яғни белгілі бір мәтіннің тұтастығы, байланыстылығы, мағыналық үйлесімі, мәтін типтері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның жанрлық ерекшеліктері – осының бәрі мәтін лингвистикасының зерттеу аясы. Бұл сала XX ғасырдың екінші жартысында қарқынды дами бастағаны белгілі. Әуелде Германия, Франция, Ресей, кейінірек Қазақстанда да зерттеліп, тіл білімінің өзіндік бір бағыты ретінде қалыптаса бастады. Қазақ тіл білімінде профессор Р.Сыздық, Б.Шалабай, Ф.Оразбаева, Қ.Есенов т.б. сынды ғалымдарымыз өз еңбектерінде мәтін лингвистикасының теориялық және қолданбалы мәселелерін жан-жақты қарастырды. Қазіргі таңда мәтінтанымдық зерттеулердің қатары біршама толығып, мәтіннің күрделі табиғаты біртіндеп ашыла түсуде. Бұл ретте Ж.Жакупов, Б.Шалабай, О.Бүркіт, А.Жұбанов, З.Ерназарова, С.Мұстафина, Г.Әзімжанова, Н.Құрманова, К.Мухлис, А.Таусоғарова, Б.Райымбекова, Ф.Жақсыбаева, Ж.Қайшығұлова, М.Ахметова т.б. атауға болады. Мәселен Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» еңбегінде мәтінді «адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» дей келе, оның бүтін жүйе екендігін айқындайды (Оразбаева, 2000). Ал З.Ерназарова сөйлеу тілін прагмалингвистикалық тұрғыда зерттей келе, былай деп ой түйеді: «Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика-синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін» (Ерназарова, 2001). Мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол – хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады (Ахметова, 2008).

Көркем мәтін лингвистикасы – қазіргі тіл білімінің құрылымдық, прагматикалық және коммуникативтік аспектілерін біртұтас қарастыратын өзекті бағыттардың бірі. Көркем мәтін лингвистикасының басты негізі – мәтін байласымы. Яғни, бұл мәтіндегі сөйлемдердің, мағыналық бөлшектердің бір-бірімен логикалық және грамматикалық тұрғыдан байланысуы деген ұғымды білдіреді. Жалпы байласым мәтіннің когезиялық (байланыстылық) қасиетін көрсетеді және де мәтін тұтастығын қамтамасыз етеді. Әсіресе бүгінгі таңда мәтіндегі мағыналық тұтастықты, көркем мәтіндегі байласымдықты қамтамасыз ететін тілдік құралдар – дейксистер мен шегендеуіш құрылымдардың типтері мен функциясын зерттеу ерекше нысанға айналууда. Дейксистер мен шегендеуіштер мәтіннің коммуникативтік және прагматикалық функцияларын жүзеге асыруда ерекше орын алады. Олар көркем мәтіннің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін ғана емес, оқырман мен автор арасындағы өзара байланысты орнатуда да маңызды рөл атқарады. Дейксистер мәтіндегі мағыналық байласымды қамтамасыз етіп, кейіпкерлердің позициясын, оқиғаның орны мен уақытын нақтылауға ықпал етеді. Дейксистің негізгі түрлеріне тұлғалық (*мен, сен, ол*), уақыттық (*бүгін, ертең, кеше*) және кеңістік (*мұнда, онда, осында*) түрлері жатады. Шегендеуіштер – сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынасты реттейтін, мәтін тұтастығын қалыптастыратын прагматикалық құралдар. Оларға қыстырма сөздер (*мысалы, бәлкім, неге екенін қайдам*), жалғаулық шылаулар (*алайда, сондықтан, өйткені*) және басқа логикалық-семантикалық байланыс тудыратын элементтер жатады. Олар сөйлемдер мен абзацтар арасындағы логикалық, себеп-салдарлық, эмоциялық реңктерді білдіруде маңызды қызмет атқарады. Г. Жакипова және авторлар поэзи-

ялық мәтіндердегі лингвопрагматикалық элементтердің оқырманға әсер етуіндегі рөлін талдай отырып, эмоциялық мағынаны күшейтетін құрылымдардың көркем мәтіндегі прагматикалық жүктемесін нақтылайды (Jakipova, Beisenova, & Toleubayeva, 2024). Осы ұстанымды негізге ала отырып, біз аталған шығармадағы шегендеуіштердің логикалық және эмоциялық тұтастықты қамтамасыз етудегі рөлін прагматикалық құрал ретінде қарастырамыз.

М.К. Ахметова: «шегендеуіштердің субституттар мен дейксистерге қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Олар мәтін құрамындағы дербес сөйлемдердің арасындағы байласымды жүзеге асырғанымен, есімдіктер, сан есімдер секілді бір заттың, құбылыстың, мекеннің т.б. орнына қолданылмайды. Олар екі сөйлемнің не бірнеше сөйлем мен дербес бір сөйлем арасындағы мағыналық қатынасты тілдік амал-тәсілдер арқылы көрсетіп, әр түрлі мағыналық реңктерді тудырады» – деп көрсетеді (Ахметова, 2008).

Көркем мәтіндегі дейксистер мен шегендеуіштердің зерттелуі оқырман мен мәтін арасындағы қарым-қатынасты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тілдік құралдар автордың стилі мен шығармашылық ерекшелігін айқындауда маңызды рөл атқарады. Мәтіндегі когезивтік байланыстар тек құрылымдық функция атқарып қана қоймай, автордың ұстанымын жеткізудің де құралы болып табылады. Н.Смирнова (Smirnova, 2024) еңбегінде байласымдылық автордың коммуникативтік стратегиясының жүзеге асуы ретінде қарастырылады, бұл мәтіндегі прагматикалық және экспрессивтік құралдардың маңызын айқындай түседі. Бұл көзқарас көркем мәтіндегі шегендеуіштер мен дейксистік элементтердің тек байланыс орнату емес, сонымен бірге авторлық ұстанымды жеткізуге де қызмет ететінін көрсетеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі материалдары ретінде Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі (Момышұлы, 2003) және К.Ахметованың «Мәтін лингвистикасы» атты ғылыми еңбегі (Ахметова, 2008) пайдаланылды. Бұл дереккөздер көркем мәтіндегі прагматикалық байланыстар мен байласымдық бірліктерді анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық және стилистикалық талдауға негіз болды.

Жұмыс барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері қолданылды. Атап айтсақ, салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу, лингвомәдени талдау, этимологиялық әдіс, әдеби талдау, компоненттік және стилистикалық талдау, мәтін ішілік құрылымдық талдау тәсілдері пайдаланылды. Әдістердің бұл жиынтығы көркем мәтіндегі прагматикалық құралдарды көпқырлы қарастыруға және олардың функционалдық жүктемесін ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу

Мәтіннің байласымы – мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды қасиеттердің бірі. Мәтіннің байласымы лингвистика, когнитивтік ғылымдар, психология және әдебиеттану салаларының зерттеу нысанына жатады. Бұл бағытты әлемдік және отандық ғалымдар әр қырынан қарастырған.

Мәселен, батыстық ғалымдар М. А. К. Холлидей (M.A.K. Halliday) және Рукая

Хасан (Ruqaiya Hasan) «Cohesion in English» (Halliday & Hasan, 1976) еңбегінде мәтіннің байласымдық ерекшеліктерін грамматикалық және лексикалық тұрғыдан талдайды. Олар когезияның негізгі құралдарын – есімдіктер, жалғаулықтар, қайталамалар және

лексикалық өрістерді жүйелеп, мәтін тұтастығын қамтамасыз ететін механизмдерді сипаттайды. Ал Теун А. Ван Дейк (Teun Adrianus van Dijk) мәтіннің когеренттілігі мен когезиясын когнитивтік және прагматикалық тұрғыдан зерттеді. Оның еңбектерінде мәтіннің мағыналық байланыстарының оқырман санасында қалай құрылатынына ерекше назар аударылды (Van Dijk, 1983). Роберт де Богран (Robert de Beaugrande) болса, мәтін лингвистикасына логикалық байланыстар мен прагматикалық аспекті қосып, мәтіннің мағыналық деңгейін зерттейді (Beaugrande & Dressler, 1981). Сол сияқты, З.Резанова және К.Шляев көркем мәтіндегі мегаметафора ұғымын қарастыра отырып, оны мәтін құрылымындағы когезия мен когеренттілікті қамтамасыз ететін когнитивтік-прагматикалық тетік ретінде сипаттайды (Rezanova & Shilyaev, 2015). Бұл көзқарас, біздің жұмысымыздағы шегендеуіштер мен дейксистік элементтердің қызметімен үндесіп, көркем мәтіндегі мағыналық тұтастықтың әртүрлі деңгейде қалай құрылатынын түсінуге жол ашады.

Қазақ көркем мәтініндегі прагматикалық құрылымдарды зерттеу кезінде, мәтіндегі риторикалық амалдардың, когезивті байланыстардың және олардың оқырман қабылдауына әсерінің маңыздылығы артып келеді. Бахтиннің «Автор және кейіпкер» еңбегінің француз және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстырмалы талдау жасаған Бруффартс пен Москвичева (Bruffaerts & Moskvitcheva, 2024), мәтіндегі текстуалдық байласым мен риторикалық тәсілдердің аудармада қалайша әртүрлі стратегиялармен (мысалы, эллипсис не лексикалық қосымшалар арқылы) берілетінін көрсетеді. Бұл зерттеу прагматикалық құралдардың мәтін тұтастығына қосатын үлесін түсіндіруге мүмкіндік береді және біздің жұмысымызда шегендеуіштердің мәтін ішіндегі байланыс тудырушы қызметімен үндес.

Орыс ғалымдары бұл мәселеге біраз тоқталған болатын. Мәселен И.Р.Гальперин байласымның тілдік және стилистикалық құралдарын зерттеп, мәтіннің грамматикалық және мағыналық тұтастығы туралы теориясын ұсынды. Ол стилистика саласының маманы ретінде көркем мәтіндегі лексикалық және грамматикалық құралдарды, оның ішінде дейксистерді талдады. Оның «Текст как объект лингвистического исследования» еңбегі мәтін лингвистикасында классикалық зерттеулердің бірі болып табылады. Сондай-ақ Н.С. Валгина байласымды «мәтіннің ішкі логикалық байланысы» ретінде сипаттап, оның тілдік құралдар арқылы қалай жасалатынын қарастырады (Валгина, 2003).

Қазақ тіл білімінде дейксистер негізінен XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында прагмалингвистика, дискурс талдау, мәтін лингвистикасы салаларында қарастырыла бастады. Мәселен Рәбиға Сыздық көркем мәтіндегі прагматикалық және стилистикалық тәсілдерді зерттей келе, ұлттық таным мен көркемдік бейнелеу құралдарының өзара байланысын айқындады (Сыздықова, 2004). Сонымен қатар З.Ерназарова сөйлеу тілі синтакисінің прагмалингвистикалық аспектісін (Ерназарова, 2001), Ф. Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын, ал Л.Заубекова көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілерін қарастырады (Заурбекова, 2022). Абдуова Б.С. және Асанова Ұ.О мәтін құрылымын функционалды-семантикалық тұрғыда зерттей отырып, мәтіннің жанрлық ерекшеліктері мен оның құрылымына әсер етуші факторларды айқындаған (Абдуова & Асанова, 2022). Сондай-ақ соңғы кездері мәтін лингвистикасы саласында еңбек етіп жүрген зерттеушілердің бірі – М. Ахметова (2008). Ол мәтінді коммуникативтік бірлік ретінде қарастырып, оның құрылымын мазмұндық, лексикалық-грамматикалық және прагматикалық деңгейде сипаттайды. Осыған байланысты оның

еңбектері көбіне қазақ тіліндегі мәтіндердің құрылымы, функциональдық стильдердегі мәтін ерекшеліктері, байласымдық құралдар төңірегінде топтасқан.

Қазіргі қазақ мәтін лингвистикасында бірқатар ғалымдар өз зерттеулерін жалғастырып, мәтіннің функционалды, семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін терең қарастыруда. Олардың еңбектері қазақ мәтінтануының теориялық және қолданбалы негіздерін нығайтып, жаңа бағыттарды айқындауға үлес қосуда.

Нәтижелер мен талқылау

Мәтін лингвистикасында дейксистік бірліктердің көркем мәтіндегі қызметі көптеген зерттеулердің назарында. Әсіресе посткеңестік кеңістікте, прагматикалық лингвистика мен стилистиканың тоғысында көркем шығармадағы есімдіктер мен сілтеуіштердің функционалды қызметін талдауға арналған еңбектер көбейіп келеді. Мәселен, Ш. Оспанқұлова мен Т. Есембековтің зерттеуінде Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» романы негізінде дейксистік бірліктердің мәтіндегі орны мен қызметі жан-жақты сипатталған (Оспанқұлова & Есембеков, 2018). Авторлар Н.В. Устинаның жіктемесіне сүйене отырып, дейксистердің төрт түрлі өзектендіру тәсілін (қарапайым актуализация, семантикалық өзектендіру, мәнмәтіндік бағыттылық және екпін түсіру арқылы өзектендіру) көрсетеді (Оспанқұлова & Есембеков, 2018). Сонымен қатар, зерттеуде дейксистер мен анафораның арақатынасы, олардың прагматикалық әсері мен экспрессивтік рөлі нақты мысалдармен талданған (Оспанқұлова & Есембеков, 2018). Бұл зерттеу көркем мәтіндегі есімдіктердің когнитивтік және прагматикалық аспектілерін түсінуге мүмкіндік беретін құнды еңбектердің бірі болып табылады.

Біздің зерттеу нысанамыз – Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы тілдік құралдар. Яғни мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ететін, сондай-ақ мәтіннің байласымын жүзеге асыратын дейксистер мен шегендеуіштердің құрылымы мен функциясын қарастырамыз. Уақыт пен кеңістік дейксистерінің көркем мәтіндегі экспрессивтік және құрылымдық қызметі туралы пайымдар Carme Bach еңбегінде де негізделді: зерттеуші автобиографиялық нарративтердегі осындай элементтердің мәтін құрылымындағы орны мен автордың коммуникативтік ұстанымын жеткізудегі рөлін сипаттайды (Bach, 2022). Осы теориялық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, төменде шығармадан алынған мысалдар негізінде дейксистік және шегендеуші бірліктердің көркем-прагматикалық қызметі сараланады. Мұндай талдаулар қазақ мәтінтануындағы байласымдылық құбылысының көркемдік-прагматикалық табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Ауылда бас қосып, байыпты әңгіме айтар кештер көп болушы еді. Мал өрістен қайтқан соң, ымырт үйірілгенше бір төбенің басына шығып алып, үлкендер шүйіркелесер еді. Ел жаңалығы, күнделікті тірлік қамы, ертеңгі күннің еншісі – бәрі-бәрі осы бас қосуда ортаға салынатын. Егер әңгіме арқауы ұзаққа созылмаса, қариялар балуан күрес, жаяу жарыс, тартыспақ сияқты ойындар ұйымдастырып, қызығына мәз болып отырар еді. Қараңғы қоюланып, көз байланарда бәрі үйді-үйіне тарасатын (Момышұлы, 2003).

Берілген үзіндінің алғашқы сөйлемінде кімнің және қайда жиналғаны нақты айтылмайды, бұл – мәтінде кейінірек ашылатын ақпараттың прагматикалық тәсілмен берілуі. Екінші сөйлемде сан есімдер қолданылмаған, алайда «мал өрістен қайтқан соң», «ымырт үйірілгенше» секілді мезгілдік тіркестер арқылы оқиғаның уақыты нақты көрсетіледі. Мұндай элементтер уақыттық дейксистердің көркем мәтіндегі қолданысын

айқындайды және оқырманға кеңістіктік-уақыттық бағдар береді. «Бәрі-бәрі» жалпылау есімдігі күнделікті тірліктің барлық қырын толық сипаттамай, жалпылап жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жерде жалпылау есімдігінің мәтіндегі ақпаратты жинақтау және ықшамдау қызметі байқалады.

Төртінші сөйлем шартты бағыныңқылы құрмалас құрылымнан тұрады. Алғашқы бөлік үлкендердің әңгімені қай жағдайда айтатынын, ал екінші бөлік – әңгіме қысқа болса, немен алмастыратынын сипаттайды. «Сияқты» шылауы салыстырмалы мән үстеп, аталған ойындардан бөлек, тағы да басқа ойын түрлерінің болғанын меңзейді. Мұнда шегендеуіш ретінде қызмет атқаратын шылау мәтіндегі ойды жұмсарту және мазмұнды кеңейту функциясын атқарады.

Соңғы сөйлемде «қараңғы қоюланып, көз байланарда» тіркестері уақыттық шеңберді аяқтайды және мәтіннің хронологиялық құрылымына ықпал етеді. Жалпы алғанда, берілген үзіндіде дейксистік бірліктер мен шегендеуіш элементтер мәтіннің мағыналық байланысын қамтамасыз етіп, көркем бейнелеуді тереңдете түседі.

Кейде ел ішіне ақын келіп қонар еді. Бұл ең бір сәтті күн, ең тәтті күн болатын. Барша жұрт ақын түскен үйге жиналып, иін тіресіп отыратын. Үйге сыймағандары жабықтан сығалап, ал кейбіреуі ақынның үнін алыстан естігеніне риза болатын (Момышұлы, 2003).

Мәтінде ауыл өміріндегі ерекше күндердің бірі сипатталады. «Кейде» үстеуі уақыттық дейкис ретінде қолданылып, оқиғаның сирек те болса, ерекше мәнге ие сәттерде орын алатынын меңзейді. Бұл бірлік тек хронологиялық бағдар беріп қана қоймай, мәтінге экспрессивті-прагматикалық реңк үстейді. «Бұл» сілтеу есімдігі арқылы алдыңғы сөйлемге референция жасалып, мәтіннің ішкі байласымы күшейеді. Мұндай сілтеуіш элемент оқырман санасында оқиға мен бағалауды байланыстырып, логикалық әрі мағыналық тұтастықты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ «барша» жалпылау есімдігі нақты тізім бермей-ақ, қатысушылардың сандық және сапалық көптігін меңзеп, жалпылау мәнін тудырады. Бұл жалпылаушы тәсіл сөйлемдер арасындағы мазмұндық ауыспалылықты жеңілдетіп, мәтіннің құрылымдық үйлесімін қамтамасыз етеді. Мәтінде қолданылған осы дейксистік элементтер (уақыттық – «кейде», сілтеу – «бұл», жалпылау – «барша») көркем мәтіндегі прагматикалық байланыстардың жүзеге асуына себепкер. Олар оқырманның мәтінмен эмоционалды, мәдени және танымдық деңгейде байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Көкем келгелі, ел адамдары әжемнің отауына жиналатын. Көкем әндетіп отырып халық жырларын, хиссаларды оқыр еді. Өзгелері ентелей түсіп, ұйып мүлгіп, теңселе толқып тыңдайтын. Осылай көкем жарықтық өле-өлгенінше ел ішінің ең қалаулы жыршысындай өтіп еді-ау.

Қиссалардың маржандай тізілген таза тілі, оралымды ойы, қиял жетпес теңеулері, ертіп отыратын екпіні, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жібергендей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам (Момышұлы, 2003).

Берілген үзіндіде мәтіннің ішіндегі байласым әртүрлі прагматикалық және грамматикалық құралдар арқылы жүзеге асырылған. «Ел адамдары» мен «ел іші» тіркестері лексикалық субституттар ретінде қолданылады, яғни бір мағыналық топты атау үшін әртүрлі сөз тіркестерімен ауыстырылып, мәтіндегі мағыналық тұтастықты сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай ауыспалылық лексикалық когезияның бір көрінісі болып табылады. «Осылай» сілтеу есімдігі алдыңғы ойды жинақтап, келесі пайымға логикалық өткел жасайды. Бұл жерде сілтеу дейкисі мәтіндегі мағыналық бірізділік пен пікірдің тұтастығын қамтамасыз

етіп тұр. «Өтіп еді-ау» құрылымындағы -ау демеулік шылауы авторлық эмоция мен қимастықты жеткізіп, мәтіннің прагматикалық реңкін күшейтеді. Келесі азатжолда қиссалардың көркемдік сипаты арқылы автордың қабылдау ерекшелігі сипатталады. Мұндағы теңеулер мен эпитеттер — көркемдік-стилистикалық тәсілдер, ал *«тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жібергендей»* тіркесі арқылы когнитивтік-психологиялық әсер де көрінеді. Соңғы сөйлемде «мен» деген тұлғалық дейксис арқылы автор өзін мәтінге тікелей қатыстырып, «солардан» сілтеу есімдігі арқылы алдыңғы сөйлемдегі субъектілерге (ақындар, көкем) референция жасайды. Мұндай құрылым мәтіндегі референциялық байланыстарды нақтылап, автордың танымдық ұстанымын эмоционалды түрде жеткізеді. Осы үзіндіде грамматикалық бірліктер (есімдіктер, шылаулар, сілтеу сөздер) мен стилистикалық амалдар (теңеу, эпитет, қайталау) бірлесіп, мәтіндегі мағыналық және прагматикалық байланыстарды тереңдетеді. Бұл көркем мәтінге тән эмоционалдық және когнитивтік байласымның толыққанды іске асқанын көрсетеді.

Көкемді көрші ауылдар қолқалап шақырып әкетіп, түнімен жыр оқытатын. Көкем де мұндай кештерден бас тартып көрген емес. Көкеме жыр құмар жанның бәрі, хиссаның қай жерін жаттап алғысы келген ынтызарлар, жұрт отырған жерде бір жырдың кей шумақтарын жырымдатпаса да «біледі екен» деген атқа ие болу үшін қызыққандар да келетін. Көкем болса ерінбей-жалықпай әр толғауды бір айтып еске түсіретін. Шынында да, өздері қара танымайтын жыр құмарлардың кейбіреуі келесі бір кеште өзіңше жыр соғатын. Сондықтан ондай кісілердің көбі көкемді «ұстазым» десетін (Момышұлы, 2003).

Бұл берілген үзіндіде мәтіннің ішкі байласымы лексикалық субституттар, есімдіктер, қыстырма сөздер мен шегендеуші шылаулар арқылы жүзеге асырылады. «Көрші ауылдар» тіркесі метонимиялық алмастыру тәсілімен (аумақтың орнына ондағы адамдарды меңзеу арқылы) қолданылып, контекстік түсінікті одан әрі тереңдете түседі. Бұл – лексикалық шегендеудің бір түрі. «Мұндай» сілтеу есімдігі арқылы алдыңғы сөйлемдегі «жыр оқитын кештерге» нұсқау жасалып, референциялық байланыс орнайды. «Бәрі», «кей», «кейбіреуі», «өздері», «әр» сияқты есімдіктер мен сандық жалпылауыштар мәтіндегі субъектілердің ауқымын, белгісіздігін немесе нақтылығын жеткізеді. Бұл элементтер — тұлғалық, белгісіздік, жалпылау және өздік дейксистер, олар мәтіндегі қатысымдық құрылымды нығайтып, ойдың динамикасын арттырады. Төртінші сөйлемде «шынында да» қыстырма сөзі авторлық бағалау мен көзқарасты білдіріп, эмоциялық-прагматикалық реңк қосады. Мұнда оқиға баяндалып қана қоймай, автор тарапынан расталу не мақұлдау байқалады. «Сондықтан» шылауы себеп-салдарлық байланыс орнатып, алдыңғы сөйлемдегі жағдайдың салдарын келесі сөйлемде логикалық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер, атап айтқанда, авторлық бағалау мен логикалық құрылымның сабақтастығын қамтамасыз ету, көркем мәтіннің прагматикалық әсерін арттырады. Song зерттеуінде де лексика-грамматикалық таңдау автордың прагматикалық ұстанымымен тығыз байланыста қарастырылып, оқырманға әсер ету құралы ретінде сипатталады (Song, 2009). Сондай-ақ, Carme Bach дейксистік элементтердің оқырман мен мәтін арасындағы байланыс орнатудағы маңызын ерекше атап көрсетеді (Bach, 2022). Мұндай құрылымдар мәтіндегі когезияны қамтамасыз етіп қана қоймай, когеренттілікті де қалыптастырады, яғни мәтін оқырман санасында мағыналық тұтастық ретінде орнығады. Жалпы, бұл мәтінде грамматикалық (есімдіктер, шылаулар, қыстырма сөздер) және прагматикалық құралдар (бағалауыш тіркестер, логикалық байланыс жасаушылар) жүйелі түрде қолданылып, мәтін тұтастығына және эмоционалдық әсерге қызмет етеді.

Серкебай нағашым көкемнің дін жолына түспей, сәлдесін алып тастап ойын-сауық, ән-жыр қуып кеткеніне талай рет ренжіді. «Ауылдың «жын-шайтандарының» бәрін төңірегіне жинап алып албасты басты ма сені?» дейтін.

– Онан да ата-бабаларыңның аруағы риза болсын деп құран оқып тұрмайсың ба? «Е-е», «е-е» деп ешкіше маңырап отырғаннан қашан арылмақсың, түге? – деп көкемді мазақтағаны да бар.

– Құранды жұма сайын оқимын ғой, нағашы, – деп көкем ақталмақ еді, ана кісі бұрынғысынан бетер ашуланды:

– Тьфу, антұрған неме. Бір жұмада бір-ақ рет құран оқығаныңды да міндетсінесің-ау осы, сен шірік. Күніне неше реттен оқысаң да аруақтардың парызын өтей алмайтыныңды ұмыттың ба?

Сонан соң нағашым өзінің бауырларының ынжық екенін, бүкіл ел намысы, ел ары өзінің мойнында екенін, ауылдың атын шығарам деп жүріп құранға құлап отыруға мұршасы да, уақыты да жетпейтінін айтып ренжіді. Көкемді оқытқанда арнаулы ғұлама шығар, құранды соның қолына берермін деп үміттенгенін айтты. Енді сол үмітінің ақталмай, шәкіртінің селкілдек шегірткеге ұқсап кеткеніне өкінетінін білдірді (Момышұлы, 2003).

Мәтінде көркем диалог пен ішкі баяндау қатар өріліп, кейіпкерлер арасындағы қатынастың әлеуметтік, психологиялық және прагматикалық қырлары ашылады. Мәтінде дейксистік бірліктер, қатынас есімдіктері, қыстырма және модальдік шегендеушілер кеңінен қолданылған. «Талай рет», «бұрынғысынан бетер», «ана кісі» секілді тіркестер уақыттық және тұлғалық дейксистердің үлгісі ретінде көрінеді. Олар оқиғаға дәлдік, реттілік және референциялық анықтық енгізеді. «Ана кісі» сілтеуі арқылы Серкебай нағашы әңгімеде үшінші жақтан аталып, контекстуалды референция арқылы жалғасады. Диалог ішінде эмоционалдық және бағалауыш реңкті білдіретін қыстырма құрылымдар мен модаль сөздер белсенді қолданылған. Мысалы, «е-е», «түге», «ғой», «осы» сияқты элементтер кейіпкердің сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді жеткізіп қана қоймай, мәтіндегі прагматикалық әсерді күшейтеді. Бұл бірліктер мәтіннің интонациялық сипатын, кейіпкердің эмоционалдық қалпын, тіпті әлеуметтік статусын сипаттауға ықпал етеді. «Сондықтан», «сонан соң», «енді» сияқты байланыстырғыш шылаулар логикалық-құрылымдық байласымды қамтамасыз етеді. Бұл шегендеушілер алдыңғы сөйлем мен кейінгі ой арасында себеп-салдарлық қатынасты білдіріп, мәтіннің мазмұндық ағымын бірізді етеді. Сонымен қатар «шәкіртінің селкілдек шегірткеге ұқсап кеткені» сияқты теңеу – стилистикалық тәсіл ретінде, авторлық ирония мен көңіл күйді жеткізеді. Бұл – көркем мәтіндегі прагматикалық реңктің ерекше көрінісі. «Күніне неше реттен оқысаң да аруақтардың парызын өтей алмайтыныңды ұмыттың ба?» сөйлемі арқылы дәйектеу, не еске салу сынды ма шылауы арқылы сұрау мәнде қолданады. Оқиғаның жалғасы ретінде сонан соң септеулік шылауын қолданады. Кейіпкердің атын қайта қайталамас үшін (өзінің) өздік есімдігін пайдаланады. Жалпы, аталған үзіндіде уақыттық, тұлғалық және сілтеу дейксистері, шегендеуші шылаулар, қыстырма құрылымдар мен эмоционалды бағалауыштар арқылы көркем мәтіндегі байласым мен прагматикалық әсер кешенді түрде іске асқан. Бұл – автор мен оқырман арасындағы прагматикалық байланысты жүзеге асыратын маңызды құрылымдар.

Байқасам, нағашымның өзі де құранға құлшылық етіп отыруға мойны жар бермейді екен ғой. Жасынан дін құдіретіне иланып, дін жолына беріліп өскен соң, енді аруақтар алдындағы парызынан қорқып, ақыреттің тауқыметінен тайсалып көкем арқылы күнәсін жумақ екен (Момышұлы, 2003).

Бұл берілген үзіндіде автор *байқасам* деген сөз арқылы ішкі пайым мен бақылау элементін енгізеді. Мұнда сөйлеушінің өз ойын білдіруі прагматикалық жағынан авторлық бағалау мен жеке қабылдауға негізделген. «*Мойны жар бермейді*», «*күнәсін жумақ*» сияқты тіркестер – метафоралық құрылымдар, олар мәтіндегі эмоциялық реңкті арттыра түседі. «*Көкем арқылы*» тіркесі тұлғалық дейксис ретінде әрекет етіп, оқырманды оқиға мазмұнымен байланыстыра отырып, үшінші тұлғаға назар аударады. Жалпы алғанда, сөйлем құрылымы бір мезгілде ішкі конфликтіні, парыз бен қорқынышты, сенім мен өкінішті қатар бейнелейді.

Ал *үлкен әпкем Үбішті мен еміс-еміс қана білемін. Әкемнің айтуынша, ол ерте хат танып, кітап оқыпты. Жазу да қолынан келеді екен. Біздің аймақта алғашқы қара танып, хат жазуға қолы жеткен қыз – сол әпкемнің жалғыз өзі көрінеді. Әпкемді Байтана руынан Рысқұлбек Омаров дегенге бесіккерті етіп атастырған екен. Ол сауатсыз, салауаты аздау боп өсіпті. Қыз бой түзеп ел көзіне көріне бастағанда, жұрт ішінен «қайран ақтоқтыдай сайрап тұрған қыз, аузын ашпас білімсізге қор бола ма» деген сыбыстар көбейген екен. Әкем бата бұзбаймын, серттен кетпеймін, бұйрықтан аса алмаймын, арыма таңба түсірмеймін деп 1912-13 жылдары әпкемді ұзатқан екен. Неден екені белгісіз, әйтеуір әпкем ұзатылып барған соң, бір жылға жетпей дүние салды. Ел бұған қатты қайғырды. Әкем өмір бойы қызының мезгілсіз өліміне күйініп жүруші еді (Момышұлы, 2003).*

Басындағы үзіндідегі бірінші сөйлемде кейіпкерді аса жақсы білмейтіндігі айтылады. Алайда берілген үзіндінің екінші сөйлемінде, *әкемнің айтуынша* деген қыстырма сөзі арқылы ойды әрі өрбіте түседі. Әрі кейіпкерді сипаттай келе, әріп таныған білімді адамды *сол өзі* деп интонация мен сілтеу есімдігі арқылы нақтылай түседі. Яғни, «*Сол әпкемнің жалғыз өзі*» тіркесіндегі «*сол*» сілтеу есімдігі сөйлем мазмұнын нақтылап, алдыңғы ақпаратпен референциялық байланысты жүзеге асырады. Бұл – уақыттық және тұлғалық дейксис қызметінің үйлесімді көрінісі. Әкесінің серті мен әпкесінің ұзатылған сәтін сипаттай келе, «*неден екені белгісіз*» сұрау есімдігі арқылы мезгілді нақтылайды да, дүниеден озуының нақты себебін көрсетпейді.

Бәлкім, өзі өкініш өртің тұтатқанын сезген шығар. Осы өкініш оның өзге қыздарына деген көзқарасын, тіптен бүкіл әйел қауымына деген ұғымын өзгертіп жіберіпті. Үнемі қамқорлықпен қараушы еді (Момышұлы, 2003).

Үзіндіде «*бәлкім*» қыстырма сөзі арқылы я өзін кіналайды, өкінеді, я өткен күнге оралғысы келеді деген екі ойды ұштастырады. *Өкініш өртің* деген сөзді қайталамас үшін, осы сілтеу есімдігі, *тіптен* күшейтпелі үстеу арқылы көзқарасының тағы бір арнасы пайда болғанын аша түседі. Бұл сөйлемдер оқырманның эмоциялық қабылдауына әсер ететін көркемдік прагматика құралы ретінде қолданылады.

«*Соғыс*» деген сөзді қашан естігенім жадымда жоқ. 1916 жылдың оқиғаларын дәлме-дәл елестете алмаймын. Әйтеуір әйелдердің жас төккені, ерлердің үрейлі жүзі, күннің тұтылғаны көз алдымда. Елге келген жолаушылар: «*Жұмысшылар алып жатыр! Ор қазуға жұмсайтын көрінеді! Жер қаздырады!*» деген суық хабарларды қаптатып жіберген. Әлі ауылдан ешкімді шақыртпаса да, әлгі хабарлардың өзі-ақ көзге жас, көңілге қайғы әкеле бастаған еді (Момышұлы, 2003).

Бұл жерде көркем мәтіннің баяндау құрылымы бейтарап бақылау, еске алу, эмоциялық-психологиялық күйді жеткізу арқылы өрбиді. Талдау барысында бірнеше деңгейдегі лингвистикалық құралдар қолданылады: дейксистер, шегендеушілер, субституттар, қыстырма құрылымдар және болымсыздық бірліктері. Мәтінде соғыстың

қашан басталғандығы анық айтылмаған, бірақ 1916 жылдың төңірегінде болғандығы жазылған. Бірінші сөйлемде «қашан» сұрау есімдігі арқылы байланысып, жеке лексеманың орнына қолданылып тұр. Екінші сөйлемде реттік сан есіммен беріліп нақтылап тұр. Яғни сан есіммен байланысы уақытты тура білдіріп тұр. Үшінші сөйлемде «*әйтеуір*» қыстырма сөйлемнің басында кездесіп оқырманның назарын хабарға аудару мақсатында қолданылған шегендеуіш. Бұл сөйлемде сол күндердегі болған іс әрекет сипатталады. Оған дәлел ретінде ер адамдардың үрейленген, ажары, әйел-келіншектердің жасы және физикалық құбылыс күннің тұтылуы деген сияқтылар сөйлемнің нақтылығын көрсеткендей іспеттес. Келесі бірыңғай сөйлемдер «*деген*» шылауымен тіркесе жұмсалудымен сөздердің қолданысының маңызын ерекшелеп тұр. Бұл сөйлемде нақты болатын іс-әрекет көрсетіледі. Яғни ор қазатын жұмысшылар алынатындығы ер адамдар екендігі бізге мәлім. Абзацтың соңғы сөйлемінде үстеулер, есімдіктер арқылы байланысқаны белгілі. Мысалы: «әлі» үстеу болса, «ешкімді» болымсыздық есімдігі орын алмастырып дейкис арқылы сөйлемдер өзара байланысып келеді. Сонымен қатар өз есімдігінің кездескені нақты байқалады. «Өзі-ақ» деп оған демеулік шылау қосылып күшейту мағынасын беріп тұр. Жалпы бұл сөйлемде соғысқа кімді шақырғандығы, жіберілгені беймәлім, белгісіз.

... *Әкем мен көкем Қожамқұлды аттандырып салушылармен бірге кетті. Мен әлдебір беймәлім кесепаттың келгенін жүрегіммен сезгендей шошынып, әжемнің етегінен жармасып алдым (Момышұлы, 2003).*

Берілген үзіндіде екі сөйлем арқылы маңызды әлеуметтік, эмоционалдық және мәдени мазмұн ашылады. Бірінші сөйлем – жай хабарлы сөйлем, оқиғаны бейтарап жеткізсе, екінші сөйлем – құрмалас сөйлем, ол терең эмоциялық күйді, интуитивті сезімді білдіреді. «*Әкем мен көкем*» тіркесіндегі тәуелдік жалғауының бірінші жағымен тұлғалану отбасы мүшелерінің жақындығын, баяндаушының тұлғалық қатыстылығын көрсетеді. Бұл – тұлғалық дейкисстердің типтік үлгісі. Екі сөйлемде: «мен» жіктеу есімдігі, «бірге» үстеу, «әлдебір», «беймәлім» белгісіздік есімдіктері арқылы байланысып жатыр. «*Бірге*» сөзі – жалпылау мәніндегі үстеу, ол аттандыру үдерісіндегі ұжымдық әрекетті көрсетіп, байласымдық құрылымды қамтамасыз етеді. Бұл лексема мәтіндегі уақыт пен кеңістікке қатысты қатынас сипаттамасын нақтылайды. «*Әлдебір*» және «*беймәлім*» сөздері – белгісіздік есімдіктері, олар хабарланатын жағдайдың түсініксіз, анықталмаған сипатын көрсетеді. Бұл сөздер когнитивтік бейуақтылық пен үрейді білдіреді, сөйлеушінің қауіп-қатерді нақты тани алмай, тек интуитивті түрде сезінуін білдіреді. «*Кесепаттың келгенін жүрегіммен сезгендей*» тіркесі – психологиялық метафора, ол баланың ішкі түйсігі мен болжауыш күйін білдіреді. Бұл құрылым эмоционалды-прагматикалық стратегияның көркем үлгісі. «*Шошынып*» және «*жармасып алдым*» – эмоциялық бояуы қанық етістіктер, олар сөйлеушінің қорқыныш пен қорғануға ұмтылу әрекетін бейнелейді. «*Әжемнің етегінен*» тіркесі – этномәдени қолданыс, ол бала үшін қауіпсіздік, жылу мен қорған іздеген бейсаналық реакцияны білдіреді. Жалпы, бұл үзіндіде психологиялық, әлеуметтік және мәдени контекст тығыз өріліп, дейкисстік бірліктер, белгісіздік элементтері, эмоциялық етістіктер мен этнографиялық символдар арқылы терең прагматикалық әсерге қол жеткізілген. Мәтін ішкі мазмұннан бөлек, оқырман сезімін де белсендіреді, бұл көркем-прагматикалық байланыс құрудың айқын мысалы.

...*Қожамқұл хат танымайтын. Оның үстіне жыр шығарып көрген емес.*

Шамасы окопта жатқан қазақтар елін сағынганда елжіреп отырып, бірігіп өлең жазса керек. Жазу білетін біреуі қалаған кісінің бәріне көшіріп берген сияқты. Ел сүйген азаматтардың осы

бір шынайы жыры бала күнімнен жүрегімде қалып қойыпты. **Бүкіл** ауыл болып Қожамқұлға қаржы жіберіп тұрды. **Айтқандай-ақ** бір жылдан соң, ол елге аман-есен оралып, баршамызды қуантқаны бар. **Әр** үй кезекке тұрып, Қожамқұлды таласа қонақ ететін болды. Жаз бойы **біздің** ауылда сыйлы адам болып жүрді де, **кейін** сый-сыяпат жиып алып, **өзінің** қара жұмыста **бірге** болған тағдырлас жолдастарының еліне аттанып кетіп, **содан** қайтып оралған жоқ (Момышұлы, 2003).

Осы абзацта Қожамқұлдың соғыс кезінде хат танымайтындығы, сауаты жоқ адамға келтірілгендігі айқын кездеседі. Сонымен қатар елге қайтып оралған соң оның сыйлы тұлға болған екендігі нақты айтылады. Оған дәйек ретінде «сыйлы адам болып жүрді» деген байланымдар мысал бола алады. Бірінші сөйлем жай сөйлем. Бұл сөйлемде көсемше жұрнағы арқылы аяқталған етістік. Екінші сөйлем жай сөйлем. Оның деген есімдікте субститут бар. Жеке лексеманың орнына қолданылған. Тәуелдік жалғаудың 3 жағының орны алмастырылған. Сонымен қатар «көрген емес» көмекші етістік арқылы өлең жазбағанды тайға таңба басқандай. «Үстіне» үстеуімен байланысқан. Үшінші сөйлем құрмалас сөйлем. Күрделі етістіктермен ойды жеткізіп нақтылайды. Төртінші сөйлем жай сөйлем. Мына сөйлемде жалпылау есімдігі мен белгісіздік есімдігі бір сөйлемдегі мағынаны білдіруші ретінде қолданылғаны көрінеді. Бесінші сөйлем жай сөйлем. «Осы» сілтеу есімдігі бар. Ол мазмұнды білдіру үшін жұмсалған. Оған қоса «бір» есептік сан есімі де кездеседі. Сан есім тұлғалық өзгеріске ұшырамаған. Алтыншы сөйлемде жалпылау есімдігі «бүкіл» деген сөз ұсынылған. Яғни қанша дүйім жұрт екендігі, нақты бір саны жоқ. Жетінші сөйлем жай сөйлем. Демеулік шылау мәтін компоненттерінің арасындағы байласымды жүзеге асырып тұр. Сегізінші сөйлем құрмалас сөйлем. Үй кезекте кім тұрғаны белгісіз. Өйткені «әр» белгісіздік есімдігі бар. Тоғызыншы сөйлем құрмалас сөйлем. Барыс септігіне қатысты септеулік шылау іс әрекеттің не болатындығын жалғастырып жатыр. Бұл сөйлемде «бірге» және «өздік» есімдігі «өзінің» сонымен қатар жіктік есімдігі «біздің» байласымын көруге болады. Бұлар сөйлемдегі тізбектердің мазмұнын білдіру үшін қолданылған.

Біздің Өтеулі тұқымынан Бабас дейтін кісі өткен. Оның Қабааш атты інісі болыпты. Қабааш жекжат-жұрат, тамыр-таныстарды аралағыш екен. Бір аттанса, үйіне айлап оралмайтын әдеті болса керек. Үйге келуін келгенмен, байыз тауып отыра алмайтын көрінеді. Ертерек ел қыдыруға шыққанша асығып жүреді екен. Осындай кезекті бір сапар алдында атын ерттеп жатқан інісіне Бабас тіл қатыпты:

– Ей, сен қайда тағы да... Інісі де оजारлау болса керек.

Ағасын қағызта сөйлепті:

– Сендер сияқты қашанғы үйкүшік болып отырайын. Ошақ түбін аңдуды саған-ақ бұйыр-тсын. Менің қатыным жоқ, балам жоқ. Салт басты, сабау қамшылы, арқам кең адам емеспін бе. Сен-ақ қатыныңды құшақтап жата бергін (Момышұлы, 2003).

Мәтінде мазмұн бір тақырып төңірегінде өрбіген, яғни Қабаштың жекжат-жұрт аралағыш екендігі сипатталады. Мәтіндегі бірінші сөйлемде біздің жіктік жалғау арқылы беріліп бірден тұтас ойды баяндамайды, ал екінші сөйлемде ойды жалғау үшін оның жіктеу есімдігі қолданылған. Ойды қайталамас үшін Бабас дейтін кісінің орнына оның жіктік жалғауын қолданған. Үшінші сөйлемде бір есептік сан есім арқылы қимыл әрекеттің неше рет жүзеге асқандығын көрсетеді. Берілген азатжолдағы ойды жинақтау мақсатында осындай сілтеу есімдігі қолданылып, келесі ойдың жалғауына негіз болады. *Салт басты, сабау қамшылы, арқам кең адам* эпитеттер арқылы Қабаш өзінің бейнесін көрсеткісі келді.

Қашан да даушының даусы өктем шығатын әдеті емес пе. Қабаш болса, қабағы түсіп, елге қарай алмай, жер шұқылап тұр. Оны байлап әкелген жігіттер ел адамдарына қамшы үйіргендей, қара бұлтты төндіре сөйлейді.

– Мінеки, мынау сұмаяқ, суыққол туысқандарыңды Шымкент базарынан ұстап әкелдік. Ауылымыздан ат ұрлап, әкеп сатқалы тұрған жерінен тұтылды бұл бетсіз (Момышұлы, 2003).

Мәтінде Қабашты ауылға алып келгендігі сипатталады. Мәтіндегі 2,3,4 сөйлем есімдіктердің қолданысы арқылы байланысқан. Екінші сөйлемдегі Қабаш сөзінің орнына үшінші сөйлемде оны есімдігінің, төртінші сөйлемдегі мінеки, мынау сілтеу есімдігі, яғни дейкис арқылы сөйлемдер өзара байланысып келеді.

Шығармада іргелес және алшақ байласым түрлері де қолданылған.

1. Іргелес байласым. Мысалы: Адамдар шамасыз, шарасыз қайғыға түсті. Осылайша олар келесі көктемді құр алақан жайып қарсы алды (Момышұлы, 2003). Осындағы бірінші сөйлем екінші сөйлеммен іргелес байланысып тұр. Бұл жерде «олар» жіктеу есімдігі алдыңғы сөйлемдегі «адамдар» сөзіне сілтеме жасап тұр. Мұндай тұлғалық дейкис мәтіндегі субъектіні қайталап айтпай, сөйлеу үнемділігін сақтап, байласым тудырып тұр.

Әжем болса бірден өз тірлігін қамдастыра бастады. Мені төсекке жатқызған соң, өзі ұн мен құмшекерді араластырып жент жасай бастады (Момышұлы, 2003). Бұл жерде «өзі» өздік есімдігі «әжем» сөзіне сілтеме жасайды.

Бір күні әкем жолаушылап барып көгеріп кеткен екі қап бидай әкелді. Сол бидайды қайнаған сумен жуып, кептіріп, шетінен қуырып жеп қаужалақтап қалдық (Момышұлы, 2003). «Сол» сілтеу есімдігі алдыңғы сөйлемдегі нақты объектіні (екі қап бидай) көрсетіп тұр.

Көршілеріміздің көбі күн көріс қамымен жан-жаққа тарап кеткен. Солардың кейбірі үшінші жылы ғана бас қосты (Момышұлы, 2003). Осындағы «әжем» сөзінің орнына «өзі», «екі қап» орнына «сол», «көршілеріміздің» орнына «солардың» есімдіктері қолданылып, іргелес байласым орнатып тұр, сондай-ақ сөйлемдер арасында мағыналық үздіксіздік сақталады.

2. Алшақ байласым. Мысалы: Төртеуіміз тысқа шықтық. Көрші үйдің алдында, неге екені белгісіз, жұрт топталып тұр. Біз жылдамдатып өте шықтық (Момышұлы, 2003). «Біз» есімдігі бірінші сөйлемдегі «төртеуіміз» сөзіне сілтеме жасап, үшінші сөйлемде алшақ байласым орнатады.

Жаяулатып Қаратау жақтағы әпкелеріне тартып кетеді. Мінер көлік жоқ. Алайда ол жақтан көкем құр қол, салбырап қайтып кеп тұрғаны (Момышұлы, 2003). «Ол» есімдігі «Қаратау» бағытын меңзеп тұр. Мұнда кеңістік бағытын көрсету арқылы кеңістік дейкис рөлін атқарып тұр.

Өрқайсысымыздың басымызды бір сүйеп зыр жүгіріп жүр. Жалма-жан сиырдың желініне жабысып, сүт сауып әкелді. Сол сүтті кезек-кезек біздің ернімізге тосады (Момышұлы, 2003). «Біздің» және «сол сүтті» есімдіктері алдыңғы сөйлемдердің субъектісі мен объектісіне сілтеме жасап, мағыналық байланысты нақтылайды.

Мыңбұлақтың бір көзі – Қолбастауда почтамстанциясы болатын. Көкем сонда барып ат айдаушы болып орналасты. Әжем көкеммен бірге сол «Бекетке» кетті (Момышұлы, 2003) «Сонда», «сол бекетке» – кеңістік сілтеу есімдіктері, олар нақты мекенге жасалған сілтемені қайталамай жеткізуге қызмет етеді.

Әпкелерім даладан әлдебір шөптерді теріп әкелетін. Қандай шөп екені есімде жоқ. Әжем сол шөптерді сүтке қайнатып, кейде құр суға салып ас жасайтын. Біз соны жеп қанағат етеміз (Момышұлы, 2003). Берілген мысалдағы «сол» және «соны» сілтеу есімдіктері арқылы үш сөйлем арасында мағыналық тұтастық орнатылған.

Шығармада шегендеуіштер сөйлемдер мен мағыналық бөліктер арасындағы логикалық, себеп-салдарлық, қарсылықты немесе эмоционалды байланыстарды реттеп, мәтіннің ішкі құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. Олар ойдың ағымын басқаруға, авторлық интонация мен стилистикалық реңк беруге мүмкіндік береді. Мысалы: *Көктемнің өзінде-ақ көгеріс шөп қурап, айнала сартап болып сазара бастаған еді. Малдың аузына қорек ілінбей, сар даланы кезіп жүрді. Оның үстіне қыс та құтырынып келіп еді* (Момышұлы, 2003). Сөйлемдер «оның үстіне» шегендеуіші арқылы байланысып тұр. Бұл шегендеуіш хабардың бірізділігін білдіріп тұр. Яғни, мезгілдердің сипаттамасын ретімен орналастырып тұр.

Сол жылы көктемде Бурное станциясына шойын жол тартылды да, бұл жер саудасаттықтың қызу орталығына айналды. Әкем жарты пұт ұн, бірнеше қадақ құмшекер тапқан еді. Станциядан жатақ үй қарастырды да, көкем мен әжемді сонда орналастырды. Сөйтіп әлгі ұн мен шекерді әжем мен көкем базарға сатып азын-аулақ пайда түсірмек (Момышұлы, 2003). Бұл жерде «сөйтіп» шегендеуіші алдыңғы әрекеттерді қорытындылап, олардың нәтижесі мен мақсатын білдіретін сөйлеммен байланыстырып тұр. Мұнда ол қорытынды-мақсаттық қатынасты көрсетеді, яғни оқиғаның логикалық аяқталу сәтін белгілейді.

Әжем мені өзімен бірге ала келді. Еңселі үйлерді, ығы-жығы көшені, сапырылысқан сан халықты, ауқымды құрылысты алғаш көргенім осы еді. Бұрын есектің ақырғанынан күшті дауыс жоқ деп жүруші едім. Сөйтсем, паровоздың жай ысқырғанының өзі құлағыңды бітеп жіберердей ащы келеді екен (Момышұлы, 2003). «Сөйтсем» шегендеуіші бұл жерде күтпеген жаңалықты, авторлық таңданысты білдіреді. Ол алдыңғы тұжырым мен кейінгі байқау арасындағы қарсылықты-контрастық мәнді білдіріп, оқырманның назарын тосын әсерге аударады.

Таңертең әкем келінті. Көзімді ашсам үйдегілердің бәрінің жүзі қуарып отыр екен. Үрейленіп сыбырласады. Еш нәрседен бейхабар жатқан мен «не болды?» деп ұшып тұрыптын... Алайда әжем басымнан сипады да: «Ұйықтай бер, құлыным» деп сыбырлады (Момышұлы, 2003). «Алайда» қарсылықты шегендеуіші алдыңғы сөйлемдерде берілген үрейлі, түсініксіз ахуал мен әженің сабырлы әрекеті арасындағы қарама-қайшылықты айқындап тұр. Бұл – қарсылықты шегендеудің классикалық үлгісі, мәтіннің эмоциялық реңкін жұмсартып, оқырманды тыныштандырушы қарсы эмоция тудырады.

Әжем ат айдаушылардың әйелдерімен, бала-шағаларымен көңілді қоштасты. – Құдайға шүкір, немерем келіп ертіп барады. Тәңірім бұл қуанышқа да жеткізді. Сендер де жақсылыққа жетіңдер, – деді әжем жолға шығар алдында (Момышұлы, 2003).

Мұнда «Құдайға шүкір» қыстырма құрылымы эмоциялық-бағалауыш шегендеуіші ретінде қызмет етеді. Ол алдыңғы оймен тығыз байланысып, кейіпкердің ішкі қуанышын, тәубеге келу сезімін білдіреді. Мұндай құрылымдар көркем мәтінде авторлық интонацияны, эмоционалды үнді жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Жалпы алғанда, шегендеушілер көркем мәтіндегі логикалық, себеп-салдарлық, уақыттық, эмоционалдық және қарсылықты байланыстарды ұйымдастыруда маңызды құрылымдық және прагматикалық қызмет атқарады. Олар сөйлемдер арасындағы байласымды орнатып қана қоймай, автордың стилі мен интонациялық ерекшеліктерін де айқын көрсетеді.

Қорытынды

Көркем мәтіндегі байласым мен шегендеуіштердің, сондай-ақ дейксистік элементтердің қызметін зерттеу – ұлттық дүниетаным мен мәдени-тілдік ерекшеліктерді

тануда маңызды құрал болып табылады. Көркем мәтінде қолданылатын дейксистер мен шегендеуіштер автор мен оқырман арасындағы байланыстың маңызды тетігі ретінде танылды. Дейксистер әр кейіпкердің белгілі бір мезеттегі орны мен қатысымдағы рөлін айқындап, шығармаға шынайылық пен бейнелілік береді. Ал шегендеуіштер автор көзқарасын айқындап, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты нақтылай түседі. Нәтижесінде бұл тілдік құралдар мәтіннің прагматикалық деңгейін арттырып, мазмұнын қабылдауды жеңілдетеді әрі оқырманға эмоциялық әсерін күшейтеді. Мұндай зерттеулер қазақ тіліндегі көркем мәтін табиғатын жан-жақты танып-білуге және тілдің прагматикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жол ашады.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. А.Т. Мухамеджанова мақаланың негізгі материалдарын жинау, сұрыптау, жүйелеу жұмыстарымен айналысып, мақаланың негізгі бөлігін жазды. Г.Т. Мухамеджанова жиналған материалдарға талдау жасап, толықтыру жұмыстарын жүргізді. Ж.Ж. Толысбаева мақалаға қатысты әдебиеттер тізіміне шолу жасады.

Әдебиеттер тізімі

- Абдуова, Б.С., & Асанова, Ү. О. (2022). Мәтін лингвистикасын танудағы функционалды-семантикалық құрылым. Педагогикалық ғылым және тәжірибе, 4(38), 27–31.
- Ахметова, М. К. (2008). Мәтін лингвистикасы. Ағартушы.
- Валгина, Н. С. (2003). Теория текста. Логос.
- Гальперин, И. Р. (1981). Текст как объект лингвистического исследования. Наука.
- Ерназарова, З. (2001). Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. Алматы.
- Жақсыбаева, Ф. (2002). Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (Дис. ... филол. ғыл. д-ры). Алматы.
- Заурбекова, Л. (2022). Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері (Дис. ... PhD). Алматы.
- Момышұлы, Б. (2003). Ұшқан ұя: повесть, әңгіме, нақылдар. Атамұра.
- Оразбаева, Ф. Ш. (2000). Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі: оқу құралы. Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім академиясы.
- Сыздықова, Р. (2004). Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Арыс.
- Оспанқұлова, Ш., & Есембеков, Т. Ш. (2018). Дейксистік бірліктердің көркем мәтіндегі қолданысы. Қазақ тілі мен әдебиеті, 1, 175–177.
- Bach, C. (2022). Autobiographical texts written by learners of Catalan as an additional language: From formative needs to reflection in the teaching of narrative genres. *Caplletra*, 73, 233–255. <https://doi.org/10.7203/Caplletra.73.24640>
- Beaugrande, R. de, & Dressler, W. (1981). Introduction to text linguistics. Longman.
- Bruffaerts, N., & Moskvitcheva, S.A. (2024). Bakhtin's philosophical anthropology in translation: Rhetoric devices and text cohesion. *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*, 15(1), 64–77. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-1-64-77>
- Halliday, M.A.K., & Hasan, R. (1976). Cohesion in English. Longman.
- Jakipova, G., Beisenova, Z., & Toleubayeva, A. (2024). Reception of contemporary Kazakh

prose in the global cultural space. Scientific Herald of Uzhhorod University. Series: Physics, 55, 686–693. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.68so6>

Rezanova, Z., & Shilyaev, K. (2015). Megametaphor as a coherence and cohesion device in a cycle of literary texts. *Lingua Posnaniensis*, 57(2), 31–40. <https://doi.org/10.1515/linpo-2015-0009>

Song, S. (2009). A stylistic analysis of “Miss Brill” by Katherine Mansfield. *Review of European Studies*, 1(2).

Smirnova, N. N. (2024). Love and literary form: L. N. Tolstoy’s ideas repected by M. O. Gershenzon. A. M. Gorky Institute of World Literature of the Russian Academy of Sciences. <https://doi.org/10.22455/2686-7494-2024-6-4-126-137>

Van Dijk, T. A. (1983). *Text and context*. Longman.

А.Т. Мухамеджанова^{1*}, Г.Т. Мухамеджанова², Ж.Ж. Толысбаева³

^{1,3} *Казахская национальная академия хореографии, Астана, Казахстан*

^{2,3} *Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан*

Функции дейктических единиц и дискурсивных маркеров в языке художественного текста

Аннотация. В статье рассматриваются структурные и семантические функции прагматических средств, обеспечивающих связность художественного текста, – дейктических единиц и дискурсивных маркеров. Анализ опирается на материал автобиографической повести Бауыржана Момышулы «Ұшқан ұя» («Моя семья»). В исследовании применены лингвистические, прагматические, когнитивные и стилистические подходы. Уточняется роль дейктических элементов в установлении референциальных связей внутри текста, а также функция дискурсивных маркеров в формировании логических и эмоциональных переходов. Особое внимание уделяется использованию личной, временной и пространственной дейктики, ее участию в процессе формирования взаимодействия между читателем и текстом. Также анализируется языковое выражение причинно-следственных, противительных и эмоциональных связей между предложениями при помощи дискурсивных маркеров. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию художественно-поэтической организации связности и прагматического воздействия в казахской художественной прозе.

Ключевые слова: дейксис, дискурсивные маркеры, связность текста, местоимения, Ұшқан ұя.

A.T. Mukhamejanova^{1*}, G.T. Mukhamejanova², Zh.Zh. Tolysbayeva³

^{1,3} *Kazakh national academy of choreography, Astana, Kazakhstan*

² *M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan*

Functions of deixists and delimiters in the language of literary text

Abstract. This article explores the structural and semantic functions of pragmatic devices that ensure textual cohesion in literary discourse, specifically deixis and discourse markers. The study focuses on the specific features of deictic and discourse-marker constructions in Baurzhan Momyshev’s autobiographical novel «Ushqan uya». («Our Family»). Drawing on linguistic, pragmatic, cognitive, and stylistic approaches, the paper reveals the role of deictic elements in establishing referential connections within the text and the function of discourse markers in

generating logical and emotional relations. Particular attention is given to the use of personal, temporal, and spatial deixis, with illustrative examples demonstrating how these devices construct interaction between the reader and the narrative. The analysis also addresses how discourse markers encode causal, contrastive, and affective relations across sentence boundaries. The findings contribute to a deeper understanding of cohesion and pragmatic impact in Kazakh literary discourse and may serve as a basis for further research in text linguistics, discourse pragmatics, and cohesive analysis of literary texts.

Keywords: deixis, discourse markers, textual cohesion, pronouns, Our family.

References

- Abduova, B. S., & Asanova, U. O. (2022). *Matin lingvistikasyn tanudagy funkcionaldy-semantikalыq qurylym*. *Pedagogikalыq gylım zhane tazhiribe*, 4(38), 27–31. [in Kazakh]
- Ahmetova, M. K. (2008). *Matin lingvistikasy. Agartushy*. [in Kazakh]
- Valgina, N. S. (2003). *Teoriya teksta. Logos*. [in Russian]
- Gal'perin, I. R. (1981). *Tekst kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovaniya*. Nauka. [in Russian]
- Ernazarova, Z. (2001). *Sojleu tili sintaksisinin pragmalıngvistikalıq aspektisi*. Almaty. [in Kazakh]
- ZHaqsybaeva, F. (2002). *Gazet matininin pragmatikalыq funkciyası (Dis. ... filol. gyl. d-ry)*. Almaty. [in Kazakh]
- Zaurbekova, L. (2022). *Korkem matindegi tildin funkcionaldy pragmatikalыq aspektileri (Dis. ... PhD)*. Almaty. [in Kazakh]
- Momyshuly, B. (2003). *Ushqan uya: povest', angime, naqyldar. Atamura*. [in Kazakh]
- Orazbaeva, F. SH. (2000). *Tildik qatynas: teoriyası zhane adistemesi: oqu quraly*. Y. Altynsarin atyndagy KR Bilim akademiyasy. [in Kazakh]
- Ospanqulova, SH., & Esembekov, T. SH. (2018). *Dejksistik birlikterdin korkem matindegi qoldanyssy. Qazaq tili men adebieti*, 1, 175–177. [in Kazakh]
- Syzdykova, R. (2004). *Abaj zhane qazaqtyn ulttyq adebi tili*. Arys. [in Kazakh]
- Bach, C. (2022). Autobiographical texts written by learners of Catalan as an additional language: From formative needs to reflection in the teaching of narrative genres. *Caplletra*, 73, 233–255. <https://doi.org/10.7203/Caplletra.73.24640>
- Beaugrande, R. de, & Dressler, W. (1981). *Introduction to text linguistics*. Longman.
- Bruffaerts, N., & Moskvitcheva, S. A. (2024). Bakhtin's philosophical anthropology in translation: Rhetoric devices and text cohesion. *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*, 15(1), 64–77. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-1-64-77>
- Halliday, M. A. K., & Hasan, R. (1976). *Cohesion in English*. Longman.
- Jakipova, G., Beisenova, Z., & Toleubayeva, A. (2024). Reception of contemporary Kazakh prose in the global cultural space. *Scientific Herald of Uzhhorod University. Series: Physics*, 55, 686–693. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.68so6>
- Rezanova, Z., & Shilyaev, K. (2015). Megametaphor as a coherence and cohesion device in a cycle of literary texts. *Lingua Posnaniensis*, 57(2), 31–40. <https://doi.org/10.1515/linpo-2015-0009>
- Smirnova, N. N. (2024). Love and literary form: L. N. Tolstoy's ideas recepted by M. O. Gershenzon. A. M. Gorky Institute of World Literature of the Russian Academy of Sciences. <https://doi.org/10.22455/2686-7494-2024-6-4-126-137>
- Song, S. (2009). A stylistic analysis of "Miss Brill" by Katherine Mansfield. *Review of European Studies*, 1(2).
- Van Dijk, T. A. (1983). *Text and context*. Longman.

Авторлар туралы мәлімет:

Мұхамеджанова Айнагүл Тастемірқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Астана, Қазақстан. E-mail: ainagulmuhametjanova@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1820-9748.

Мұхамеджанова Гүлмира Тастемірқызы – PhD, қауымдастырылған профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан. E-mail: mukhamed130282god@gmail.com, ORCID: 0000-0001-7942-8680.

Толысбаева Жанна Женисовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Астана, Қазақстан. E-mail: zh_kazpoetry@inbox.ru, ORCID: 0000-0001-6521-0576.

Мухамеджанова Айнагуль Тастемировна – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, доцент, Казахская национальная академия хореографии, Астана, Казахстан. E-mail: ainagulmuhametjanova@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1820-9748.

Мухамеджанова Гульмира Тастемировна – PhD, ассоциированный профессор, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. E-mail: mukhamed130282god@gmail.com, ORCID: 0000-0001-7942-8680.

Толысбаева Жанна Женисовна – доктор филологических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии, Астана, Казахстан. E-mail: zh_kazpoetry@inbox.ru, ORCID: 0000-0001-6521-0576.

Mukhamejanova Ainagul Tastemirovna – corresponding author, Candidate of Philology, Associate Professor, Kazakh National Academy of Choreography, Astana, Kazakhstan. E-mail: ainagulmuhametjanova@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1820-9748.

Mukhamejanova Gulmira Tastemirovna – PhD, Associate Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan. E-mail: mukhamed130282god@gmail.com, ORCID: 0000-0001-7942-8680.

Tolysbayeva Zhanna Zhenisovna – Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Academy of Choreography, Astana, Kazakhstan. E-mail: zh_kazpoetry@inbox.ru, ORCID: 0000-0001-6521-0576.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).